

Хаттама № 3
«TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы
II - тоқсандық іс-шаралар жиналысы

Түркістан.к
сағ: 15:00

«12» маусым 2025ж

Мекеменің толық атауы: «TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік).

Серіктестіктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Басқармалар үйі, 4 қабат.

Төрағалық етті: «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС Басқарма Төрағасының орынбасары Д. П. Жакыпбеков

Қатысты: «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы);

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ);

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі
(Қазақстан Республикасының Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы).

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларына жауапты Әкімшілік блоктың менеджері М.Б.Ермекова Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы бойынша толық түсіндірме жұмыстарын жасады.

2022 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру шарттарын нақты айқындады. «Сыбайлас жемқорлықтан

абсолютті бас тартуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбие және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру жолымен қол жеткізілетін болады». Осы тұжырымдаманың 1-міндет «сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру», «сыбайлас жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауы керек» деп болжайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басым міндеттерін орындау үшін мемлекеттік органдарда төрт бағытты қамтитын ҮББ (үлгілік базалық бағыт)-4 (ТБН-4) жобалық басқармасы енгізілді:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту;
- квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті дамыту.

Маңызды және қағидатты ереже «Ең алдымен адамдар- «адамдарға бағдарланған» моделін қалыптастыру Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі мемлекеттік басқаруды дамыту бойынша тұжырымдамада бекітілген.

2. Еңбек кодексі Қазақстан Республикасының еңбек қатынастарын реттейтін негізгі заңнамалық акт болып табылады. Ол жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық қатынастарды реттейді.

ҚР Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашада №414-V ҚРЗ қабылданып, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

Еңбек кодексінің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1. Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау;
2. Жұмыс берушілердің заңды құқықтарын мен мүдделерін қорғау;
3. Еңбек қатынастарын заңды әрі әділетті түрде реттеу;
4. Әлеуметтік әріптестік пен келіссөздер негізінде еңбек жағдайларын жақсарту.

Негізгі құқықтық ережелер мен баптар:

1-бап: Негізгі ұғымдар

Бұл бапта еңбек саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдарға анықтама беріледі: еңбек шарты, жұмыс уақыты, демалыс уақыты, ұжымдық шарт, т.б.

23-бап. Жұмыскердің негізгі құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

- Еңбекақы алуға;
- Қауіпсіздік еңбек жағдайына;
- Демалуға;
- Әлеуметтік қорғауға;

Міндеттері:

- Жұмыс берушінің ішкі тәртібіне бағыну;
- Жұмысты сапалы әрі уақытылы орындау.

24-бап. Жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері**Құқықтары:**

- Жұмыскерден еңбек міндеттерін орындауды талап ету;
- ішкі тәртіп ережелерін белгілеу.

Міндеттері:

- Жұмыскерге еңбекақы мен өзге төлемдерді уақытылы төлеу;
- Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Еңбек шарты-жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы жазбаша келісім. Ол міндетті түрде жасалып, екі тараптың қолымен бекітіледі.

33-бап. Еңбек шартының мазмұны:

- тараптардың толық атауы;
- жұмыс орны;
- атқаратын қызметі;
- жалақы мөлшері мен төлеу тәртібі;
- жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі.

Еңбек кодексындағы жаңалықтар мен ерекшеліктер:

- электрондық еңбек шарттарын жасау мүмкіндігі енгізілді;
- қашықтықтан жұмыс істеу тәртібі заңдастырылған;
- жұмыскерлердің құқықтарын қорғау тетіктері күшейтілген;
- еңбек инспекцияларының өкілеттігі кеңейтілген.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі 2015 жылы қабылданған және мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық нормаларын, этикалық стандарттарын, сондай-ақ олардың кәсіби қызметіндегі жауапкершіліктерін анықтайды. Кодекс мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру, қоғамдағы сенімділікті нығайту және азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында әзірленген.

Кодекстің негізгі қағидаттары мен бөлімдері:

Мемлекеттік қызметтің беделі: Мемлекеттік қызметшілер өздерінің әрекеттерімен мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге міндетті. Олар халықтың сенімін ақтау үшін адал, әділ және кәсіби түрде жұмыс істеуі тиіс.

Этикалық нормалар: Кодекс мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқын реттейтін этикалық нормаларды белгілейді. Оларға адалдық, әділдік, жауапкершілік, кәсібилік және халыққа қызмет ету принциптері кіреді.

Конфликт жағдайларын басқару: Мемлекеттік қызметшілер жеке мүдделерден жоғары қоймауға тиіс. Кодекс конфликт жағдайларын болдырмау үшін шаралар қабылдауды талап етеді.

Ақпаратқа қолжетімділік: Мемлекеттік қызметшілер ақпаратты ашық әрі қолжетімді түрде ұсынуға міндетті. Бұл халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Әдеп жөніндегі кеңестер: Кодексте мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларды сақтауын бақылау үшін әдеп жөніндегі кеңестердің құрылуы қарастырылған. Бұл кеңестер мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқын бағалап, қажет болған жағдайда тәртіптік шаралар қолдана алады.

Білім мен біліктілікті арттыру: Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында тұраты түрде білім алу және біліктілікті арттыру курстарынан өтуі талап етіледі. Бұл олардың кәсіби дамуына және тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: Кодекс сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруды және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға міндетті.

Жеке өмірді қорғау: Мемлекеттік қызметшілер азаматтармен қарым-қатынаста ашықтық пен құрмет көрсетуге міндетті. Олар халықтың пікірлеріне құлақ асып, олардың ұсыныстары мен шағымдарын назарға алуы тиіс.

Халықпен байланыс: Мемлекеттік қызметшілер азаматтармен қарым-қатынаста ашықтық пен құрмет көрсетуге міндетті. Олар халықтың пікірлеріне құлақ асып, олардың ұсыныстары мен шағымдарын назарға алуы тиіс.

Тәртіптік жауапкершілік: Кодексте мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларды бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік шаралары қарастырылған. Бұл шаралар заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытынды:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларына жауапты Әкімшілік блок менеджері М.Б. Ермекова сыбайлас жемқорлыққа қарсы II - тоқсандық іс - шаралар жиналысының баяндамасын қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықтың тәуекелін азайту және қоғамды оның теріс салдарын жою үшін әр азаматтың белсенді түрде қарсы тұруы қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, ол әдеп кодексінің маңыздылығын, мемлекеттік қызметінің тиімділігін арттыруда және қоғамдағы сенімділікті нығайтуда шешуші рөл атқаратынын, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында ойластырылғанын айтты. Бұл ретте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек мемлекеттік қызметшілердің ғана емес, бүкіл қоғамның бірлескен әрекетін талап ететін үрдіс екенін түсіну маңызды.

Сөз соңында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік қағидасын қалыптастыру, қоғамда ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету үшін барынша күш жұмсау қажеттігін, сондай-ақ әрбір азаматтың өз бойында заңға деген құрметті қалыптастыру керектігін баса айтты.

Басқарма Төрағасының орынбасары



Д. Жақыпбеков

Хатшы



М. Ермекова